

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 қыркүйектегі N 484-ІІ Заңы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж. N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат):

1) 41-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазаның негізгі түрі ретінде бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге және жазаның қосымша түрі ретінде алты айдан үш жылға дейінгі мерзімі белгіленеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазаның негізгі түрі ретінде үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге және жазаның қосымша түрі ретінде бір жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.";

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"Ескерту. Осы Кодекстің 176-бабының үшінші бөлігінің г) тармағында, 193-бабының үшінші бөлігінің а) тармағында, 209-бабының үшінші бөлігінің а) тармағында, 307-бабында, 308-бабының төртінші бөлігінің в) тармағында, 310-315-баптарында, 380-бабында көзделген қылмыстар сыбайлас жемқорлық қылмыстар деп танылады.";

2) 129-баптың үшінші бөлігі "Адамды" деген сөзден кейін "сыбайлас жемқорлық," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 176-баптың үшінші бөлігінде:

мынадай мазмұндағы г) тармағымен толықтырылсын:

"г) мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам, егер оларды өзінің қызмет бабын пайдаланумен қатар жасаса";

"үш жылға дейінгі" деген сөздерден кейін ", ал г) тармағында көзделген жағдайларда - жеті жылға дейінгі" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 193-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді:

а) мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам, егер

оларды өзінің қызмет бабын пайдаланумен қатар жасаса;

б) ұйымдасқан топ;

в) қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) немесе ірі мөлшерде жасаса, - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айрылып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге, ал а) тармағында көзделген жағдайларда - мүлкі тәркіленіп немесе онсыз жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

5) 209-бапта:

екінші бөліктің б) тармағындағы "лауазымды" деген сөз алып тасталсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді:

а) мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам, егер оларды өзінің қызмет бабын пайдаланумен қатар жасаса;

б) ұйымдасқан топ жасаса, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айрылып, үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге, ал а) тармағында көзделген жағдайда мүлкі тәркіленіп, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

б) 224-баптың бірінші бөлігіндегі "Лауазымды адам болып табылмайтын мемлекеттік ұйым қызметшісінің" деген сөздер "Мемлекеттік органның немесе мемлекеттік ұйымның мемлекеттік қызметтерді атқаруға уәкілетті адамы болып табылмайтын қызметкерінің немесе оған теңестірілген адамының," деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 228-бапқа ескерту мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескерту. Осы Кодекстің баптарында мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы не мемлекеттің үлесі кемінде отыз бес процент болатын ұйым болып табылмайтын ұйымда тұрақты, уақытша, не арнаулы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімшілік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерді атқаратын адам коммерциялық немесе өзге ұйымдарда басқару қызметтерін атқаратын адам деп танылады.";

8) 13-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"13-тарау. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар";

9) 307 және 308-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"307-бап. Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану

1. Мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның қызметтік өкілеттігін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылық алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында

қызмет мүдделеріне кереғар пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса, -

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Лауазымды адам жасаған нақ сол әрекет, - үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам жасаған нақ сол әрекет, - бес жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген ауыр зардаптарға әкеп соққан әрекеттер, - жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Е с к е р т у л е р .

1. Мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамдарға лауазымды адамдар, Парламент пен мәслихаттардың депутаттары, судьялар және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес барлық мемлекеттік қызметшілер жатады.

2. Мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті адамдарға:

1) жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адамдар;
2) заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасының Парламенті мен мәслихаттардың депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелігіне кандидаттар ретінде тіркелген азаматтар;

3) жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің қаражатынан

4) мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі кемінде отыз бес процент болатын ұйымдарда басқару қызметтерін атқаратын адамдар теңестіріледі .

3. Тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша өкіметтің өкілі қызметін жүзеге асырушы не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-әкімшілік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді орындаушы адамдар лауазымды адамдар деп танылады.

4. Мемлекет қызметтерін және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында , Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымдарды атқаратын адамдар, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің саяси лауазымдарын атқаратын адамдар жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адамдар деп түсініледі.

308-бап. Билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану

1. Билікті не лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану, яғни мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның өзінің құқықтары мен өкілеттігі шегінен көрінеу асып кететін және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соғатын әрекеттер жасауы -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады .

2. Лауазымды адам жасаған нақ сол әрекет, - үш жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның үш айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам жасаған нақ сол әрекет, - бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз сегіз

жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер не ауыр зардаптарға әкеп соқтырған әрекеттер:

а) күш қолдану немесе оны қолданамын деп қорқыту арқылы;

б) қаруды немесе арнайы құралдарды қолдану арқылы;

в) өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылық алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында жасалса, - жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

10) 310-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"310-бап. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу

1. Мемлекеттік қызметтерді атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ұйым құруы, не мұндай ұйымды басқаруға заңда белгіленген тыйым салуға қарамастан, жеке өзінің немесе сенім білдірген адам арқылы қатысуы, егер осы әрекеттер мұндай ұйымға жеңілдіктер және артықшылықтар беруге немесе өзге де нысандағы қамқоршылыққа байланысты болса, -

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл сала отырып, бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Лауазымды адам жасаған нақ сол әрекеттер, - үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл сала отырып, он жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Лауазымды адамдардың мемлекеттік емес ұйымдарға, соның ішінде қоғамдық бірлестіктерге лицензиялау жөніндегі өкілеттігін беруге әкеп соғатын іс-әрекеттерді ж а с а у ы , -

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға жазаланады.";

11) 311-бапта:

бірінші бөлікте:

"Лауазымды адамның", "лауазымды адамның" деген сөздер "Мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның", "мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"үш жылға дейінгі" деген сөздер "бес жылға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі:

"Лауазымды адамның" деген сөздер "Лауазымды адамның нақ сол әрекеттерді жасауы, сол сияқты" деген сөздермен ауыстырылсын;

"үш жылға дейінгі" деген сөздер "жеті жылға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "үш жылға" деген сөздер "жеті жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

ескертудің 2-тармағындағы "лауазымды адамның" деген сөздер "мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 312-бапта:

бірінші бөліктегі "Лауазымды адамға" деген сөздер "Мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамға не оған теңестірілген адамға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Лауазымды адамға пара беру, сол сияқты көрінеу заңсыз іс-әрекет (әрекетсіздік) жасағаны үшін немесе әлденеше рет пара беру немесе ұйымдасқан топтың пара беруі -";

ескертуде "Лауазымды адамға", "лауазымды адам" деген сөздер "Мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамға не оған теңестірілген адамға", "мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 314 және 315-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"314-бап. Қызметтік жалғандық жасау

1. Қызметтік жалғандық жасау, яғни мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның ресми құжаттарға көрінеу жалған мәліметтерді енгізуі, сол сияқты аталған құжаттарға олардың шын мазмұнын бұрмалайтын түзетулер енгізуі, не көрінеу жалған немесе қолдан жасалған құжаттар беруі, егер бұл әрекеттер өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылық алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында жасалған болса, -

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы

мөлшерінде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Лауазымды адам жасаған нақ сол әрекет, - үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекеттерді, егер оларды жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам жасаса, - бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның үш айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

315-бап. Қызметтегі әрекетсіздік

1. Қызметтегі әрекетсіздік, яғни мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылық алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса, -

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға ж а з а л а н а д ы .

2. Лауазымды адам жасаған нақ сол әрекет, - үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам жасаған нақ сол әрекет, - бес жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы

мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген ауыр зардаптарға әкеп соққан әрекеттер, -

жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

14) 349-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"349-бап. Коммерциялық сатып алуға не сыбайлас жемқорлық қылмысқа арандату

1. Коммерциялық сатып алуға арандату, яғни коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда басқару қызметтерін атқарушы адамға қылмыс жасау айғақтарын қолдан жасау не бопсалау мақсатында оның келісімінсіз ақша, мүліктік игіліктер мен артықшылықтар беруге тырысу әрекеттері -

жүзден үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айдан үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарға арандату, яғни мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамға немесе оған теңестірілген адамға қатысты жасалған нақ сол ә р е к е т т е р , -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

15) 351-баптың екінші бөлігі "Адамды" деген сөзден кейін "сыбайлас жемқорлық," деген сөздермен толықтырылсын;

16) 352-баптың екінші бөлігі "Адамды" деген сөзден кейін "сыбайлас жемқорлық," деген сөздермен толықтырылсын;

17) 354-баптың төртінші бөлігі "жасалған" деген сөзден кейін ", сол сияқты сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасады деп айыпталуына байланысты" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат):

1) 192-баптың 4-1-бөлігіндегі "307-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 308-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "307-бабында (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 308-бабында (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 267-1-баппен толықтырылсын:

"267-1-бап. Халықаралық іздестіруді жариялау

1. Халықаралық іздестіруді жариялауға негіздер болған кезде қылмыстық қудалау органы айыпталушыға халықаралық іздестіру жариялау туралы прокурор санкция берген жеке қаулы шығарды.

2. Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған және тергеуден жасырынып жүрген адамға халықаралық іздестіру жариялауға санкция беру құқығы Бас прокурор мен оның орынбасарларында болады."

3. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 15, 209-құжат; 1999 ж., N 21, 744-құжат; 2000 ж., N 5, 116-құжат; 2001 ж., N 13-14, 172-құжат; N 17-18, 241 құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат):

1) 2-баптың 1-тармағы "пайдалана отырып" деген сөздерден кейін "не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық субъектілері

1. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар үшін осы Заңның негізінде мемлекеттік міндеттер атқаруға уәкілетті адамдар мен оларға теңестірілген адамдар жауапты болады.

2. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті адамдарға:

1) барлық лауазымды адамдар, Парламенттің және мәслихаттардың депутаттары, судьялар;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес барлық мемлекеттік қызметшілер жатады.

3. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті адамдарға:

1) жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адамдар;

2) заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасының Парламенті мен мәслихаттардың депутаттығына кандидаттар ретінде тіркелген азаматтар, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелері;

3) жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан төленетін қызметшілер;

4) мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі кемінде отыз бес процент болатын ұйымдарда басқару міндеттерін атқаратын адамдар теңестіріледі.

4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілеріне лауазымды және мемлекеттік міндет атқаруға уәкілетті өзге де адамдарды немесе оларға теңестірілген адамдарды сатып алуды жүзеге асырушы, сол сияқты оларға заңға қайшы мүліктік игіліктер мен артықшылықтар беретін жеке және заңды тұлғалар да жатады.";

3) 4-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза, әкімшілік жауапкершілік пен шара тиісінше Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделеді.";

4) 6-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған лауазымды адамдар мен органдар сыбайлас жемқорлық қылмыстар, әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істі, материалды, хаттаманы, ұсынымды жолдаған адамға немесе органға заңдарда белгіленген мерзімде оларды қарау нәтижелері туралы жазбаша хабарлауға міндетті.";

5) 11-бапта:

тақырыбындағы "немесе жекжаттардың" деген сөздер алып тасталсын;

1-тармақтағы "(ата-аналары, ерлі-зайыптылар, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары) немесе жекжаттары (ерлі-зайыптылардың аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары және балалары)" деген сөздер "(ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе ері (зайыбы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 12-баптың 1-тармағының 10) тармақшасындағы "бұзу" деген сөз "әлденеше рет бұзу" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 13-баптың 1-тармағы 3) тармақшасының бесінші абзацындағы:

"шетелдік (халықаралық)" және "олардың шетелдік әріптестерінің шақыруы бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

"қоғамдық бірлестіктердің (қорлардың)" деген сөздер "ұйымдардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) мынадай мазмұндағы 13-1-баппен толықтырылсын:

"13-1-бап. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану мерзімдері

1. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті адам немесе оған теңестірілген адам сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда тәртіптік жаза теріс қылық

анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей белгіленеді және жазаны теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

2. Қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан не қылмыстық істі қысқартқан жағдайда, бірақ мемлекеттік міндеттер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылық немесе тәртіптік теріс қылық белгілері болған кезде жаза қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не оны қысқарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылуы мүмкін .";

9) 14, 15, 16-баптар, 17-баптың 2-тармағы алып тасталсын.

4. "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж. , N 21, 773-құжат; 2001 ж., N 13-14, 170-құжат; N 4, 24-құжат):

1) 10-бапта:

3-тармақтағы "(ата-анасы, жұбайы, аға-інісі, апа-сіңлісі, балалары) немесе жекжаттары (аға-інілері, апа-сіңлілері, жұбайының ата-аналары мен балалары)" деген сөздер "ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе ері (зайыбы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Мемлекеттік қызметшілердің жақын туыстары мен жекжаттарына (жұбайлардың аға-інілеріне, апа-сіңлілеріне, ата-аналары мен балаларына) қатысты лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыруына Қазақстан Республикасының заң актілерімен шектеулер көзделуі мүмкін.";

4-тармақта:

5) тармақшадағы "бір жыл" деген сөздер "екі жыл" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) мемлекеттік қызметке кіргенге дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;"

2) 28-баптың 1-тармағында "тиісінше орындамағаны" деген сөздерден кейін ", сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны" деген сөздермен толықтырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 28-1-баппен толықтырылсын:

"28-1-бап. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану мерзімдері

1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және жазаны теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

2. Қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан не қылмыстық істі қысқартқан жағдайда, бірақ адамның әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық тәртіптік теріс қылық белгілері болған кезде, тәртіптік жаза қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не оны қысқарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылуы мүмкін."

5. "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1068-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат):

1) 94-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

2-1) "қатаң сөгіс беруге";

2) мынадай мазмұндағы 95-1-баппен толықтырылсын:

"95-1-бап. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану мерзімдері

1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және жазаны теріс қылық жасалған күннен бір жыл кешіктіріп қолдануға болмайды.

2. Қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан немесе қылмыстық істі қысқартқан жағдайда, бірақ адамның әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері болған кезде, тәртіптік жаза қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не оны қысқарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылуы мүмкін."

6. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар):

1) 55-баптың бірінші бөлігі "ал" деген сөзден кейін "сыбайлас жемқорлықпен әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны және (немесе)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 69-бапта:

екінші бөлігі "әкімшілік" деген сөзден кейін "сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші бөлігіндегі "бір айдан" деген сөздер "үш айдан" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 534-бап мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"Ескерту. Мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адамға немесе оған теңестірілген адамға заңсыз материалдық сыйақылар, сыйлықтар, өзге де материалдық

игіліктер берген, қызметтер көрсеткен, жеңілдіктер мен артықшылық жасаған жеке, заңды тұлғалар, егер мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адамның немесе оған теңестірілген адамның тарапынан өздеріне қатысты бопсалау орын алған болса немесе осы жеке, заңды тұлғалар болған жағдай туралы күзіретті органдарға он күн мерзім ішінде өз еркімен мәлімдесе, жауапты болмайды.";

4) 536-баптағы "он бес" деген сөз "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 537-бап "бойынша" деген сөзден кейін "құқықтық статистика және ақпарат органдарына," деген сөздермен толықтырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті